

# АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

## 1-ші САБАҚ

### БАЛАНЫ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАТЫСТЫРУ КЕРЕК



### *Баланы дамытуды үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

## 1-ші САБАҚ

### БАҒДАРЛАМАҒА КІРІСПЕ.

### БАЛАНЫ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАТЫСТЫРУ КЕРЕК

<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>БЕТ</b>
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Топ ережелері	3
Бағдарлама мақсаттары	4
Біз бүгін нені білетін боламыз	6
Марияның оқиғасы, 1-бөлім: Тимурмен танысу	7
№ 1 негізгі хабарлама	9
Марияның оқиғасы, 2-бөлім: Күнделікті әрекеттер арқылы үйрету	10
№ 2 негізгі хабарлама	14
Ұсыным № 1	15
Ұсыным № 2	16
Ұсыным № 3	17
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	18
Сұрақтарға жауаптар	19
Әрі қарайғы қадамдар	20

<b>БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ</b>		<b>Күні, уақыты, орны</b>
<b>Үйге бару 1</b>		
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 1</b>	<b>Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 2</b>	<b>Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 3</b>	<b>Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 4</b>	<b>Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 5</b>	<b>Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек</b>	
<b>Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)</b>		
<b>Сабақ 6</b>	<b>Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 7</b>	<b>Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 8</b>	<b>Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 9</b>	<b>Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек</b>	
<b>Үйге бару 3</b>		
<b>Қосымша сабақтар:</b>		



### ТОП ЕРЕЖЕЛЕРІ

ЕРЕЖЕЛЕР БАҒДАРЛАМАҒА БАРЛЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЙЛЫ ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН

1. БІЗ ӘР ТҮЛҒАНЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҚПАУ ҚҰҚЫҒЫН ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ, СОНДЫҚТАН, ОСЫ БӨЛМЕДЕН ТЫС БІЗ ЕШКІМГЕ БАСҚА ОТБАСЫЛАР ТУРАЛЫ, ӘСІРЕСЕ, ОЛАРДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АЙТПАЙТЫН БОЛАМЫЗ.
2. БІЗ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘРТҮРЛІ ПІКІРЛЕРІН ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ.
3. БІЗ БІР-БІРІМІЗДІ ТЫҢДАЙМЫЗ ЖӘНЕ ӘР ҚАТЫСУШЫҒА ӨЗ ОЙЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ИДЕЯЛАРЫМЕН БӨЛІСУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕМІЗ.
4. БІЗ ӨЗ ТӘЖІРИБЕМІЗБЕН БӨЛІСЕ ОТЫРЫП, ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ШЕШІМДЕРІН ҰСЫНА ОТЫРЫП, БІР-БІРІМІЗГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП ЖӘНЕ БІР-БІРІМІЗГЕ ЖІГЕР БЕРЕ ОТЫРЫП, БІР-БІРІМІЗГЕ КӨМЕКТЕSEMІЗ.

## БАҒДАРЛАМА МАҚСАТТАРЫ

Балаңызға көмектесу:



1. Қарым-қатынас жасау кезінде ым-ишараны және сөздерді пайдалануды үйрену

2. Сізбен, басқа адамдармен бірлескен істерде көбірек уақыт өткізу



3. Өзін жиі лайықты ұстау және сирек жағымсыз мінез-құлық көрсету

4. Жаңа дағдыларды меңгеру және көбірек дербестік таныту

## БАҒДАРЛАМА МАҚСАТТАРЫ

Сізге көмектесу:



1. Балаңызға қарым-қатынас жасауға және жаңа дүниені танып-білуге көмектесу арқылы өзіңізді сенімдірек сезіну



2. Күнделікті істерді бірге орындай отырып, балаңызбен қарым-қатынас жасаудан ләззат алу



3. Ұқсас тәжірибесі бар басқа ата-аналармен танысу



4. Өз денсаулығыңыз бен аман-саулығыңызды қалай сақтау керек екенін білу

## ТОПТЫҚ САБАҚ 1

### БАҒДАРЛАМАҒА КІРІСПЕ. БАЛАНЫ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАТЫСТЫРУ КЕРЕК

#### БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:


- Осы бағдарлама балаға және оның отбасына қалай көмектесе алатыны туралы толығырақ ақпарат.
- Балалардың даму ерекшеліктері туралы ақпарат.
- Балаларды күнделікті істерді бірге орындауға қатыстыра отырып, жаңа дағдыларды үйренуге және дамуға қалай көмектесуге болады.



## МАРИЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ 1-БӨЛІМ: ТИМУРМЕН ТАНЫСУ



Мария жұбайымен және үш баласымен тұрады: Тимур, Алина және Ася. Сонымен қатар олармен бірге енесі де тұрады. Тимур – отбасының тұңғышы.



Тимур үш жаста болғанда Мария оның басқа балалардан ерекше екенін түсіне бастады, себебі, әлі сөйлемейтін. Мария соған өзі кінәлі сияқты болып көрінетін, бірақ дәл нені дұрыс жасамай жатқанын түсінбейтін.



Тимурдың есірігі ұстап қалатын, оны киіндіру қиынға соғатын.



Марияның айтуынша: «Тимур менің тамақ әзірлеп жатқанымға қарағанды әрдайым ұнатады. Кішкентай кезінде оған бір жерде байыз тауып отыру және зейін қою қиын болды, бірақ кейде, мен тамақ әзірлеп жатқанда, ол мені бақылап отыратын, тіпті қазанға су құюға көмектесетін. Оған қатты ұнайтын!»





Тимур – өте сезімтал бала, Марияға оны қушақтаған әрдайым ұнайтын.



Тимур енді жеті жасқа толды, ол - өте белсенді бала, оған таза ауада жүру және үлкенірек балалардың доп ойнағанын тамашалау ұнайды.



Тимур әлі күнге дейін «анасына тамақ әзірлеуге көмектескенді» ұнатады. Олар бірге тамақ пісіреді. Оған қазанға өнімдерді салып, қасықпен араластырған ұнайды.



Тимурға әлі де болса бір орында ұзақ уақыт бойы тыныш отыру қиын, бірақ ол қысқа тапсырмаларды орындай алады, ал олардың арасында үзіліс жасайды. Ол біршама жетістікке жетті, енді бірнеше сөзді қолдана алады. Оған киінуге әлі күнге дейін көмектесу керек, бірақ бұл соншалық қиын емес.

**№ 1 негізгі хабарлама**

**БАРЛЫҚ БАЛАЛАР ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРЕ АЛАДЫ**




**Тиісінше қолдау көрсеткен жағдайда даму ерекшеліктері бар балалар жаңа дағдыларды меңгере алады және отбасының күнделікті істеріне қатыса алады.**

## МАРИЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ 2-БӨЛІМ: КҮНДЕЛІКТІ ӘРЕКЕТТЕР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ



Тимур үш жаста болғанда Мария және оның жұбайы үшін қиын кездер туды. Олар сенімсіздік пен күмәнға бой алдырды. Патронаж мейіrbикесі оларға Тимурды емханада тексеруді ұсынды және оларға ыңғайлы уақытта қабылдауға жазылуға көмектесті. Дәрігер баланы қарап, көптеген сұрақтар қойды.



Содан кейін дәрігер былай деді: «Мен ұлдарыңыздың даму деңгейін тексердім. «Даму» дегенімде мен бала есейген сайын түрлі қимылдар, жүру, адамдармен қарым-қатынас жасау, ойындар ойнау және жаңа дүниені танып-білу сияқты жаңа дағдыларды меңгеруі туралы айтып тұрмын».



Дәрігер түсіндірді: «Барлық балалар түрлі қарқынмен дамиды. Сіздердің ұлдарыңыз басқаша, кейбір салаларда басқаларына қарағанда баяуырақ дамып келеді.

Өкінішке орай, оның дамуында ерекшеліктер бар. Балалардағы даму проблемаларының көптеген себептері бар. Біз Тимурдың даму ерекшеліктерінің нақты себебін білмейміз».




Ол келесіні ұсынды: «Дегенмен, сіздердің білгендеріңізді қалаймын, балаларыңыз тап болған қиындықтар – сіздердің кінәларыңыз емес, олардың сіздердің қандай да бір әрекеттеріңізбен немесе басқалардың әрекеттерімен, «дуамен», «көз тиюмен» немесе өзге дүниелермен ешқандай байланысы жоқ. Кейде ата-аналар балаларын үйретуге аз көңіл бөлетіні үшін өздерін кінәлайды, бірақ бұл баланың даму бөгелісіне қатысты проблемалардың себебі емес екені мәлім».



Дәрігер сонымен бірге былай деді: «Өкінішке орай, ұлдарыңызды емдеу үшін дәрі немесе ем жоқ, бірақ оған дамуға көмектесу үшін сіздер істей алатын нәрселер бар».

«Балаларыңызды қаз-қалпында қабылдауды және оны жақсы көретіндеріңізді көрсетуді жалғастырыңыздар».

«Ұлдарыңызға және отбасыларыңыздың басқа мүшелеріне қолда бар мүмкіндіктерді жақсырақ пайдалануға көмектесетін арнайы дағдыларды үйрену үшін сабақтарға қатысыңыздар».



Мария дәрігер кеңес берген бағдарламаға қатысуды шешті және әр сабақтан кейін Тимурмен қарым-қатынаста үйренген дағдыларын машықтады. Жұбайы мен енесі сабақтарға келе алмады, бірақ Мария оларға көрсету үшін буклеттерді үйге әкеліп жүрді.



Басында ата-анаға тұңғыштарының проблемалары бар екеніне көндігу қиын болды. Әсіресе Тимурдың әкесі қатты уайымдады. Бірақ Мария да, жұбайы да курста үйренген дағдыларын іс жүзінде табанды түрде қолдана берді, ал Тимурдың мінез-құлқы жақсарды.



Ата-ана Тимурды күнделікті істерге жиі қатыстыра бастады. Олар Тимурға сабырлы, жылы үнмен сөйлейді, осылайша оған байланыс орнатуға және тіл табысуға, әрі ым-ишара мен сөздердің көмегімен қарым-қатынас жасауды үйренуге көмектеседі. Бағдарлама барысында меңгерген дағдылары оларға Тимурмен ғана емес, кіші қыздарымен де байланыстарын нығайтуға көмектесті.



Қазір Тимур жеті жаста. Енді ол сирек және аз жылайды. Ол ым-ишарамен және бірнеше сөзді қолданып, өзіне не керек екенін ата-анасына айта алады. Тимур көбінесе бақытты болып көрінеді, ал үйдегі атмосфера әлдеқайда жайлы бола түсті.

## № 2 негізгі хабарлама

**БАЛАҢЫЗДЫ КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРГЕ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҒАН ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕ АЛАСЫЗ**



Тамақтану, киіну, Үй жинау  
жуыну



Дүкенге бару  
немесе басқа  
балаларды  
мектептен немесе  
балабақшадан  
қарсы алу



Ойнау, ән салу,  
кітап оқу, хикая  
айтып беру

## Ұсыным № 1

### КЕҢІСТІКТІ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ: АЛАҢДАТАТЫН ФАКТОРЛАРДЫ АЛЫП ТАСТАҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗДЕРГЕ ЕШКІМ КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙТІН ЖЕРДІ ТАҢДАҢЫЗ

- Үстел басында немесе еденде тура баланың алдында немесе оның айналасында орынды босатып, бірлесіп жасайтын іске және сізге зейін қоюға көмектесіңіз
- Алаңдататын факторларды алып тастап, балаға айналысатын іске назар аударуға көмектесіңіз



**Баланы алаңдатуы мүмкін артық жиһазды, өзге заттарды немесе ойыншықтарды алып тастаңыз немесе бетін жауап қойыңыз**



**Телефондарды, теледидарды, радионы өшіріп қойыңыз. Басқа ересектерден және балалардан баладан алыс немесе оның артында тұруын өтініңіз**



## Ұсыным № 2

### БАЛАҒА ҰНАЙТЫН (ОНЫ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН) 2-3 ТҮРЛІ КҮНДЕЛІКТІ ӘРЕКЕТТЕР АРАСЫНДА ТАҢДАУ ЖАСАУДЫ ҰСЫНЫҢЫЗ ЖӘНЕ ТАҢДАУЫН ОРЫНДАҢЫЗ

- Балаға заттар (мысалы, 2 жейде, 2 кітап, 2 түрлі тамақ) арасында немесе нені бірінші кезекте жасау (мысалы, жуыну немесе сөмкені жинау) арасында таңдауды ұсыныңыз
- Бала таңдаған әрекеттен бастаңыз
- Таңдау жасау балаға әрекет үстінен біршама бақылау орнатуға мүмкіндік береді
- Таңдау сізге қандай әрекеттер баланы бірдеңе істеуге ынталандыратынын түсінуге көмектеседі
- Егер бала таңдау жасамаса, таңдауды оның орнына өзіңіз жасаңыз да, әрекетті орындауды бастаңыз



Анасы ұлына  
нені алдымен  
жасауды  
таңдауды  
ұсынады: жуыну  
немесе жейдені  
кию



Анасы  
баласының  
орамалға қарап  
тұрғанын және  
сол жаққа қарай  
қимыл  
жасағанын көреді



Алдымен баланы  
жуындырады



Содан кейін оған  
жейдесін киюге  
көмектеседі

**Ұсыным № 3**

**БАЛАҒА ҚАРАМА-ҚАРСЫ ТҰРЫҢЫЗ, ОНЫҢ КӨЗ ДЕҢГЕЙІНЕ ТҮСІҢІЗ, БАРЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ӨЗІҢІЗ БЕН БАЛАНЫҢ АРАСЫНДА ОРНАЛАСТЫРЫҢЫЗ**

- Балаға қарама-қарсы, оның көз деңгейінде тұрыңыз
- Заттар сіз бен баланың арасында болуы үшін баланың тура алдына отырыңыз
- Егер балаңыз тізеңізде отырса, оның өзіңізге қаратып отырғызуға тырысыңыз және қажетті заттарды араларыңызға қойыңыз
- Сіз және заттар баланың тура алдында тұрса, оған сізбен бөлісу оңайырақ болады



## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз

**Нұсқаулық:** Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа ең лайықты жауапты таңдап, таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

### Сұрақ 1

Кейде, Мария Тимурға киінуге көмектескенде, ол бір орында тұра алмайды, сондықтан, оны киіндіру қиын болады. Тимурды бірлескен іске қатыстыру оңай болуы үшін Мария не істей алады?

- A. Теледидарды өшіру
- B. Тимурдың көз деңгейіне түсу
- C. Таңдау ұсыну: алдымен жейдені немесе шалбарды кию
- D. Жоғарыда аталғандардың барлығы (A, B және C).

### Сұрақ 2

Мария Тимурға 2-3 түрлі іс ұсынып, оның таңдауына еріп, ұйқыға жатқызғысы келеді. Ол Тимурға қандай екі оңтайлы іс түрін ұсына алады?

- A. Киім ауыстыру **НЕМЕСЕ** төсекке жату
- B. Жуыну **НЕМЕСЕ** тіс тазалау
- C. Тамақтану **НЕМЕСЕ** тіс тазалау
- D. Төсекке жату **НЕМЕСЕ** жуыну

## СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

**Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз.** Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

**Сұрақ 1. Дұрыс жауап D.** Жоғарыда аталғандардың барлығы (А, В және С).

**Түсіндірме:**

Теледидарды өшіру: ИЯ. Теледидар алаңдатуы мүмкін, сондықтан, алаңдататын факторды алып тастап, Мария тапсырманы орындауға зейін қоя алады.

Көз деңгейіне түсу: ИЯ. Тимурдың алдында тұрып, оның көз деңгейіне түскен соң, Марияға оның назарын өзіне аудару оңайрақ болады.

Таңдау ұсыну: алдымен жейдені немесе шалбарды кию: ИЯ. Таңдау бар болғандықтан, тапсырмалар балалар үшін әлдеқайда ынталандыратын және ұнамды бола түседі.

**Сұрақ 2. Дұрыс жауап В.** Жуыну НЕМЕСЕ тіс тазалау

**Түсіндірме:**

- Мария Тимурдың таңдауына еріп, бірінші кезекте Тимур таңдаған әрекетті орындауды жоспарлап отыр. Ең дұрысы, ол Тимурға кез-келген ретпен орындауға болатын 2-3 әрекетті ұсынғаны жөн.
- Киім ауыстыру НЕМЕСЕ төсекке жату: ЖОҚ. Төсекке жатпас бұрын киім ауыстыру керек, сондықтан, осы жағдайда Тимур нені бірінші кезекте істегісі келеді деген сұрақтың мәні жоқ.
- Тамақтану НЕМЕСЕ тіс тазалау: ЖОҚ. Тісті тамақтанғаннан кейін тазалау керек, сондықтан, осы әрекеттердің кезегін Тимур емес, Мария анықтауы тиіс.
- Төсекке жату НЕМЕСЕ жуыну: ЖОҚ. Төсекке жатпас бұрын жуыну керек. Тимурға кез-келген ретпен орындауға болатын екі тапсырма арасынан таңдауды ұсынған жөн.

## **ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР**

**Келесі топтық сабақ өтетін күн:** \_\_\_\_\_

- Келесі топтық сабақта біз балаларды күнделікті істерге қатыстыру және олардың жаңа дағдыларды меңгеру мәселесімен жұмыс жасауды жалғастырамыз. Келесі сабақта сіз тағы бір отбасы мүшесін ертіп келе аласыз.
- Сабақ алдында сіздермен хабарласамыз.
- Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа келе алмасаңыз, 3-ші сабаққа келіңіз. Өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.